

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2018 жылғы «17» тамыз

БЖЗҚ стратегиясы қоғамдық пікірді ескере отырып әзірленеді

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және Қор қызметі мәселелері бойынша жыл сайын тәуелсіз компаниямен бірлесе отырып, әлеуметтік зерттеу жүргізеді. Ондағы мақсат – жүйені түсінікті және Қор қызметін ашық ету. 2017 жылдың соңында БЖЗҚ «Қоғамдық Пікірлерді Зерттеу Орталығы» ЖШС бірлесе отырып, бірнеше ай бойы әлеуметтік зерттеу жүргізді. Соның нәтижесі бойынша қазақстандықтардың зейнетақы Қорына және отандық зейнетақы жүйесіне қаншалықты сенетіндігі, сондай-ақ тұрғындардың зейнетақымен қамсыздандыру саласы бойынша қаржылық сауаттылығының деңгейі анықталды.

Сауалнама тікелей сұхбат алу әдісімен фокус-топтарда жүргізілді. Оған 3 мың қазақстандық азамат қатысты. Сауалнама ел тұрғындарының барлық әлеуметтік топтарын қамтыды. Бұл ретте олардың жынысы (ерлер 47,7%, ал әйелдер 52,3%), жас мөлшері, отбасылық жағдайы және қоныстану түрі ескерілді. Зерттеуге қатысушылардың орташа жас мөлшері 38 жасты құрады.

Қазақстан халқының отандық зейнетақы жүйесіне деген сенім индексі ықтимал 10 баллдың ішінде 5,9 баллды құраса, Қорға деген сенім индексі ықтимал 10 баллдың ішінде 5,7 баллды құрады. Тұрғындардың 58,2 пайызы ҚР зейнетақымен қамсыздандыру туралы базалық білімге ие болса, 24,7 пайызының бұл салаға қатысты сауаттылығы жоғары. Бұл ретте тұрғындардың көпшілігі (61%) зейнет жасында қаржылық дәулеттілік негізі - зейнетақы жинақтары болатындығын құптайды, қазақстандықтардың жартысы (50,4%) болашақ зейнетақының қандай болатындығына өздері жауапты болатындығын түсінеді, ал 85 пайызы қолданыстағы зейнетақы жарналарының бірі туралы хабардар.

Әлеуметтік-демографиялық сипаттама тұрғысынан жасалған терең талдау – 18-29 және 60-65 жастағы азаматтар арасында, сондай-ақ ауыл тұрғындары, мемлекеттік қызметкерлер және үкіметтік емес сектор жұмыскерлері арасында сенім деңгейінің жоғары екендігін көрсетті. Сенім деңгейі Ақмола, Атырау және Маңғыстау облыстарының тұрғындары арасында жоғары, ал Қарағанды мен Павлодар облысы және Алматы қаласы тұрғындарының арасында төмен. Гендерлік тұрғыда айырмашылық жоқ.

Алынған нәтижелер Қазақстан халқының БЖЗҚ-ға деген сенімін одан әрі нығайту және зейнетақымен қамсыздандыру саласы бойынша хабардарлығын (сауаттылығын) арттыру үшін Қордың коммуникация саласындағы стратегиясын әзірлеуге негіз болды.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).